

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
«АМАНАТ» партиясы  
фракциясының депутаттары  
А.М. Жамаловқа, Д.К. Әлімбаевқа,  
Г.А. Нұрымоваға**

*2022 жылғы 15 желтоқсандағы ДЗ-375 бойынша*

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Сіздердің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы ДЗ-375 депутаттық сауалыңызды қарап, мына ақпаратты жібереді.

#### **1. Инвестициялық стратегия және БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі мәселесі бойынша**

Ішкі экономикадағы ақшаның құнсыздануының негізгі өлшемшарты валюта бағамы емес, елдегі инфляция деңгейі болып табылады. Осыған байланысты зейнетақы активтерін сипаттайтын ұзақ инвестициялық аралықты ескере отырып, оларды инвестициялаудың негізгі мақсаттарының бірі ұзақ мерзімді кезеңде инфляция деңгейінен жоғары кірістілік алу болып табылады, бұл инвестицияланған қаражаттың сатып алу қабілетінің сақталуын ғана емес, сонымен қатар зейнетақы жинақтарының нақты мәнде өсуін қамтамасыз етеді.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің сенімгерлік басқарушысы ретінде Ұлттық Банк валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының алуан түріне инвестициялауды көздейтін теңгерімді инвестициялық саясат жүргізеді. БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау тек нарықтық шарттарда жүзеге асырылады, бұл салымшылардың зейнетақы жинақтары үшін әділ кірістілікті қамтамасыз етеді.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің негізгі бөлігі жергілікті нарықта ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары, квазимемлекеттік компаниялар мен халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сияқты сенімді

эмитенттердің бағалы қағаздарына инвестицияланады, бұл БЖЗҚ зейнетақы активтерінің сақталуы мен кірістілігін қамтамасыз етеді.

Инвестициялар ауқымын және қаржы құралдарының тізбесін кеңейту, сондай-ақ портфельдің сапасын, өтімділігін және ұзақ мерзімді кірістілігін арттыру мақсатында БЖЗҚ зейнетақы активтерінің бір бөлігі сыртқы нарықтарға инвестицияланады. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық бөлігін тиімді инвестициялау үшін тәуекел мен кірістіліктің оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ететін жаңа стратегиялық бөлу әзірленді. Валюталық активтерді басқару индекстік негізде жүзеге асырылады, ол халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылып, жаһандық акциялар, дамыған және дамушы елдердің облигациялары, инвестициялық деңгейдегі эмитенттердің корпоративтік облигациялары сияқты активтердің негізгі шетелдік сыныптарына инвестициялауды көздейді.

Мысалы, теңгемен номинирленген қаржы құралдарының ағымдағы үлесі БЖЗҚ зейнетақы активтері көлемінің 71,5%-ын, шетел валютасында номинирленгендер - 28,5%-ын құрайды.

Күрделі макроэкономикалық жағдайға және әлемдік қор нарықтарының құлдырауына қарамастан, әлемдегі көптеген институционалдық инвесторлар шығынға ұшыраса да, биылғы жылдың басынан бері БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі оң болғанын атап өткен жөн.

Бұл ретте жалпы БЖЗҚ-да зейнетақы активтері шоғырланған сәттен бастап (2014 жылғы сәуір – 2022 жылғы қараша) жинақталған инфляция 111,2% болған кезде зейнетақы активтері бойынша жиынтық кірістілік 114,2%-ды құрады.

Осылайша, БЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін басқарудың тиімсіздігі туралы жекелеген қысқа мерзім аралығында алынған кірістілік негізінде жасалған тұжырымдар дұрыс емес болып табылады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің орнықтылығы тұрғысынан кірістілік пен инфляция көрсеткіштерін ұзақ уақыт аралығында қарастырған жөн.

## **2. Зейнетақы жинақтарын пайдаланудың жеткіліктілік шегіне қатысты**

Зейнетақымен қамсыздандыру халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің міндетті және ажырамас бөлігі болып табылады. Зейнетақымен қамсыздандырудың негізгі функциясы зейнеткерлік жасқа толғаннан кейін еңбек қызметінің тоқтатылуына байланысты тұрақты табысының жоғалуын өтеу болып табылады.

Ең төменгі жеткіліктілік шегінің (бұдан әрі – ТЖШ) негізгі міндеті еңбекке қабілетсіз жастағы азаматтардың тыныс-тіршілігі үшін зейнетақы жинақтарының ең төменгі қажетті деңгейін қамтамасыз ету және Халықаралық еңбек ұйымының ұсыныстарын ескере отырып, олардың ең төменгі қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осыған байланысты зейнетақы жүйесі азаматтардың зейнетақы жинақтарының көлемін ТЖШ-дан кем емес мөлшерде жинақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

ТЖШ-ны анықтау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен бекітілген Зейнетақы жинақтарының ең төменгі

жеткіліктілік шегін айқындау әдістемесіне (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БЖЗҚ жыл сайын күнтізбелік жыл басталғанға дейін бір айдан кешіктірмей, Әдістемеге сәйкес алдағы жылға есептелген ТЖШ туралы ақпаратты орналастырады.

ТЖШ-ны есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштердің бірі азаматтардың өмір сүру деңгейінің ең төменгі стандартын қамтамасыз етуге арналған ең төменгі жалақы мөлшері (бұдан әрі – ТЖМ) болып табылатынын атап өткен жөн.

Осылайша, 2022 жылы ТЖШ-ның өсуіне ТЖМ-ның айтарлықтай өсуі (42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін) айтарлықтай әсер етті.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында айтылған тапсырмасына сәйкес 2023 жылдан бастап ТЖМ мөлшері 60 000 теңгеден 70 000 теңгеге дейін ұлғайтылатын болады, нәтижесінде бұл 2023 жылға белгіленген ТЖШ мөлшеріне де әсер етті.

**Төраға**

**Ғ. Пірматов**

Орын: Ким В.Е.

Тел. +7 (7172) 77 54 78, +7 777 233 54 45

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ \_\_\_\_\_

**Депутатам Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
фракции партии «АМАНАТ»  
Жамалову А.М., Алимбаеву Д.К.,  
Нурумовой Г.А.**

*На ДЗ-375 от 15.12.2022г.*

### **Уважаемые депутаты!**

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев Ваш депутатский запрос ДЗ-375 от 15 декабря 2022 года, направляет следующую информацию.

#### **1. По вопросу инвестиционной стратегии и доходности пенсионных активов ЕНПФ**

Основным критерием обесценения денег во внутренней экономике является не обменный курс, а уровень инфляции в стране. В этой связи, учитывая длинный инвестиционный горизонт, которым характеризуются пенсионные активы, одной из основных целей их инвестирования является получение доходности в долгосрочном периоде выше уровня инфляции, что обеспечивает не только сохранение покупательской способности инвестированных средств, но и прирост пенсионных накоплений в реальном выражении.

Национальный Банк, как доверительный управляющий пенсионными активами ЕНПФ, проводит сбалансированную инвестиционную политику, которая предусматривает инвестирование в различные виды финансовых инструментов по валютам, странам, секторам и эмитентам. Инвестирование пенсионных активов ЕНПФ осуществляется исключительно на рыночных условиях, что обеспечивает справедливую доходность для пенсионных накоплений вкладчиков.

Основная часть пенсионных активов ЕНПФ инвестируется на локальном рынке в ценные бумаги надежных эмитентов, такие как государственные ценные бумаги Министерства финансов РК, ценные бумаги квазигосударственных

компаний и международных финансовых организаций, что обеспечивает сохранность и доходность пенсионных активов ЕНПФ.

В целях расширения географии инвестиций и перечня финансовых инструментов, а также повышения качества, ликвидности и долгосрочной доходности портфеля, часть пенсионных активов ЕНПФ инвестируется на внешних рынках. Для эффективного инвестирования валютной части пенсионных активов ЕНПФ было разработано новое стратегическое распределение, обеспечивающее оптимальное соотношение риска и доходности. Управление валютными активами осуществляется на индексной основе, которое широко применяется в международной практике и предусматривает инвестирование в такие основные зарубежные классы активов, как глобальные акции, облигации развитых и развивающихся стран, корпоративные облигации эмитентов инвестиционного уровня.

Так, текущая доля финансовых инструментов, номинированных в тенге, составляет 71,5% от объема пенсионных активов ЕНПФ, номинированных в иностранной валюте – 28,5%.

Важно отметить, что несмотря на сложную макроэкономическую ситуацию и падение мировых фондовых рынков, доходность пенсионных активов ЕНПФ с начала текущего года является положительной, тогда как многие институциональные инвесторы в мире понесли убытки.

При этом в целом за период с момента консолидации пенсионных активов в ЕНПФ (апрель 2014 года – ноябрь 2022 года) накопленная доходность по пенсионным активам составила 114,2% при накопленной инфляции в размере 111,2%.

Таким образом, выводы о неэффективности управления пенсионными активами ЕНПФ, сделанные на основе доходности, взятой за отдельные короткие промежутки времени, являются некорректными. С точки зрения устойчивости накопительной пенсионной системы целесообразно рассматривать показатели доходности и инфляции на длительном горизонте времени.

## **2. Касательно порогов достаточности использования пенсионных накоплений**

Пенсионное обеспечение является обязательной и неотъемлемой частью системы социальной защиты населения. Основной функцией пенсионного обеспечения является возмещение потери постоянного дохода в связи с прекращением трудовой деятельности по достижении пенсионного возраста.

Основной задачей порогов минимальной достаточности (далее – ПМД) является обеспечение минимально необходимого уровня пенсионных накоплений для жизнедеятельности граждан в не трудоспособном возрасте и удовлетворения их минимальных потребностей с учетом рекомендаций Международной организации труда. В связи с чем, пенсионная система должна обеспечить накопление гражданами объема пенсионных накоплений в размере не менее ПМД.

Определение ПМД осуществляется в соответствии с Методикой определения порога минимальной достаточности пенсионных накоплений,

утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 2 октября 2013 года № 1042 (далее – Методика).

Согласно Закону Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» ЕНПФ ежегодно не позднее одного месяца до начала календарного года размещает информацию о ПМД, рассчитанных на предстоящий год в соответствии с Методикой.

Следует отметить, что одним из показателей, применяемых при расчете ПМД, является минимальный размер заработной платы (далее – МЗП), призванный обеспечить минимальный стандарт уровня жизни граждан.

Таким образом, на рост ПМД в 2022 году существенное влияние оказало значительное повышение МЗП (с 42,5 тыс. тенге до 60 тыс. тенге).

Вместе с тем, согласно поручению Главы государства, озвученному в послании народу Казахстана от 1 сентября 2022 года, с 2023 года размер МЗП будет увеличен с 60 000 до 70 000 тенге, что также оказало влияние на размер ПМД, установленных на 2023 год.

**Председатель**

**Г. Пирматов**

Исп. Ким В.Е.

Тел. +7 (7172) 77 54 78, +7 777 233 54 45